

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

2024 жылғы 13 желтоқсан

### **KASE биржалық нарықтың 2024 жылғы қарашадағы жұмыс қорытындыларын ұсынады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2024 жылғы қарашадағы қызметінің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды:

- KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2024 жылғы қарашада 29,6 трлн теңгені құрап, қазан айымен салыстырғанда 18,2 %-ға немесе 6,6 трлн теңгеге төмендеді.
- KASE Индексінің мәні қарашада 6,0 % өсті және айдың соңына қарай 5 524,76 тармақты құрады.
- Акциялар нарығын капиталдандыру 3,0 %-ға 32,6 трлн теңгеге дейін өсті, сатылатын корпоративтік борыш көлемі 0,5 %-ға 13,7 трлн теңгеге дейін төмендеді.
- Қараша айында листинг процедурасынан екі жаңа эмитенттің корпоративтік облигациялары өтті.
- 2024 жылдың 01 желтоқсанындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 257 эмитенттің 746 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.

### **ТҮЙІНДІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР**

2024 жылғы қарашада KASE-нің қатысуымен мынадай бірқатар іс-шаралар өткізілді.

#### **Бизнеске арналған іс-шаралар**

"Эмитент күні" жобасы шеңберінде KASE-де компаниялар басшылығының инвесторлармен және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен мынадай кездесулері өтті:

- 13 қарашада "ҚазТрансОйл" АҚ өкілдері 2024 жылдың тоғыз айындағы өндірістік және қаржылық нәтижелер туралы айтып берді, сондай-ақ компания қызметінің түрлі бағыттары туралы сұрақтарға жауап берді.
- 15 қарашада "Кселл" АҚ өкілдері 2024 жылдың үшінші тоқсаны мен тоғыз айындағы қаржылық көрсеткіштер, іске қосылатын жобалар, компания қызметіне ESG-қағидаттарын енгізу туралы айтып, барлық қызықтырған сұрақтарға жауап берді.
- 21 қарашада "KEGOC" АҚ басшылығы операциялық және қаржылық нәтижелерді ұсынды, сондай-ақ 2024 жылдың тоғыз айындағы негізгі уақиғалар, Ұлттық электр желісін дамыту жөніндегі жобаларды іске асыру және компанияның 2032 жылға дейінгі даму стратегиясы мен перспективалары туралы баяндады;
- 27 қарашада "Азиялық Несие Қоры" Микроқаржы ұйымы" ЖШС басшылығы 2024 жылдың тоғыз айындағы қаржылық нәтижелерін таныстырды, компания қызметінің қорытындылары туралы айтып берді және KASE облигацияларын шығару бойынша жоспарларды қоса алғанда, компанияның стратегиялық жоспарларымен бөлісті.

2024 жылғы 26 қарашада KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының жаһандық бастамасы шеңберінде "Ring the Bell for Climate 2024" сауда-саттығының салтанатты ашылу рәсімін өткізді.

Іс-шараға қаржы саласын, экологиялық ұйымдарды, мемлекеттік құрылымдар мен халықаралық институттарды қоса алғанда, экономиканың түрлі секторларын білдіретін қазақстандық және шетелдік сарапшылар қатысты. Рәсім климаттық күн тәртібінің негізгі мәселелерін, экология мен KASE-нің көміртегі нарығын дамытудағы рөлін талқылау үшін маңызды уақиға болды.

### Оқыту іс-шаралары

2024 жылғы 07 қарашада KASE S&P Global Ratings-пен бірлесіп "S&P Global Ratings-тің орнықты даму құралдарын бағалау тәсілдері және Қазақстан эмитенттері үшін мүмкіндіктер" тақырыбында оқыту вебинарын өткізді. Іс-шара барысында қатысушылар ESG-облигациялар нарығының даму үрдістері, S&P Global Ratings-тің "жасыл" және әлеуметтік облигацияларды бағалауға көзқарасы және эмитенттер үшін ESG-қаржыландырудың қолжетімділігі туралы білді.

2024 жылғы 28 қарашада KASE Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп "Эмитенттердің қор нарығындағы ақпаратты ашуы" тақырыбында вебинар өткізді.

### АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2024 жылдың қараша айының қорытындылары бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 32,6 трлн теңгені (63,6 млрд USD) құрады, бұл өткен айдың осындай көрсеткішінен 961,7 млрд теңгеге немесе 3,0 %-ға жоғары.

Қараша айының соңында KASE сауда-саттық тізімінде 84 эмитенттің 99 атаудағы акциялары болды, оның ішінде екі эмитенттің екі атаудағы акциялары "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілді.

Қараша айында акциялармен сауда-саттық көлемі 22,0 млрд теңгені құрап, қазан айымен салыстырғанда 21,4 %-ға немесе 3,9 млрд теңгеге өсті. Қараша айында акциялар сауда-саттығы тек қайталама нарықта өткізілді. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 1,0 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 8 831, бір мәміленің орташа көлемі – 118,6 мың теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде қайталама нарықта жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінің 63,3 %, банктердің үлесіне – 0,1 %-дан кем, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 12,2 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 3,5 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 20,9 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 3,6 %-ды құрады.

### KASE ИНДЕКСІ

KASE Индексінің мәні қарашада 6,0 %-ға өсті және айдың соңына қарай 5 524,76 тармақты құрады.

Қараша айында индекстік акциялармен мәмілелер көлемі 18,4 млрд теңгені құрады, бұл қазан айымен салыстырғанда 6,3 млрд теңгеге жоғары. Сауда-саттықтың ең көп көлемі "Қазақтелеком" АҚ жай акцияларына тиесілі болды – 6,5 млрд теңге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 35,6 %).

### KASE өкілетті тізіміне кіретін акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, бір акция үшін теңге			Сауда-саттық көлемі, млн теңге		
		01.12.24	01.11.24	Δ, %	қазан	қыркүйек	Δ
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	HSBK	246,92	218,62	+12,9 %	2 011,7	1 114,5	+ 897,1
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	43 318,00	38 500,00	+12,5 %	6 546,1	3 084,6	+ 3 461,6
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	2 148,00	1 945,00	+10,4 %	626,8	151,8	+ 475,0
"Қазатомөнеркәсіп" АҚ "ҰАК" АҚ	KZAP	20 480,00	18 999,00	+7,8 %	812,9	992,2	-179,3

"Эйр Астана" АҚ	AIRA	789,79	757,90	+4,2 %	1 484,8	483,2	+ 1 001,7
"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	KMGZ	13 997,87	13 579,98	+3,1 %	1 064,8	661,9	+ 402,9
"Кселл" АҚ	KCEL	3 449,98	3 346,99	+3,1 %	3 149,7	1 916,5	+ 1 233,2
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 477,99	1 442,00	+2,5 %	1 193,2	1 362,8	-169,5
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	813,99	811,85	+0,3 %	379,9	610,4	-230,4
Kaspi.kz АҚ	KSPI	55 820,00	56 495,99	-1,2 %	1 125,2	1 698,2	-573,0

Қарашаның қорытындысы бойынша ең жақсы өсімді "Қазақстан Халық Банкі" АҚ акциялары көрсетті, олар бағаға 12,9 % қосты. Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікке сәйкес, банктің таза пайдасы 2024 жылдың тоғыз айында 18,3 %-ға 638,8 млрд теңгеге дейін ұлғайды, ал таза пайыздық маржа 6,3 %-дан 7,1 %-ға дейін өсті.

Ай қорытындысы бойынша көшбасшы акциялар тізімінде екінші орын – 12,5 % нәтижемен "Қазақтелеком" АҚ акциялары. Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікке сәйкес 2024 жылдың тоғыз айында жалғасатын қызметтен түскен кіріс 5,0 %-ға 364,3 млрд теңгеге дейін өсті, ал таза кіріс 40,5 %-ға 53,1 млрд теңгеге дейін төмендеді.

Есептік айда көшбасшылар үштігін 10,8 %-ға өскен "Банк ЦентрКредит" АҚ жабады. Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікке сәйкес, банктің таза пайдасы 2024 жылдың тоғыз айында 39,2 %-ға 144,3 млрд теңгеге дейін, ал таза пайыздық кірісі 41,8 %-ға 212,8 млрд теңгеге дейін өсті.

## "KASE GLOBAL" СЕКТОРЫ

2024 жылғы қарашаның аяғында "KASE Global" секторында 55 шетелдік эмитенттің 59 бағалы қағазы, оның ішінде 46 атаудағы акциялар және шетелдік эмитенттің 13 ETF болды.

Қараша айында "KASE Global" секторындағы сауда-саттық көлемі 4,2 млрд теңгені құрап, қазан айымен салыстырғанда 12,2 %-ға немесе 461,1 млн теңгеге өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 201,3 млн теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 723, бір мәміленің орташа көлемі – 278,3 мың теңгені құрады.

Айдың қорытындысы бойынша мәмілелердің ең көп көлемі мынадай акцияларға және ETF тиісілі болды:

- NVIDIA Corp. (NVDA\_KZ) – жалпы сомасы 622,7 млн теңгеге 1 881 мәміле;
- ProShares Bitcoin Strategy ETF (BITO\_KZ) – жалпы сомасы 581,4 млрд. теңгеге 2 191 мәміле;
- Tesla, Inc. (TSLA\_KZ) – жалпы сомасы 379,3 млн теңгеге 1 064 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне 33,9 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 7,6 %, жеке тұлғалардың үлесіне – мәмілелердің жиынтық көлемінің 58,5 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 2,6 %-ды құрады.

## КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

KASE-де сатылатын корпоративтік борыш көлемі 2024 жылғы қарашада 0,5 %-ға немесе 71,9 млрд теңгеге 13,7 трлн теңгеге (26,7 млрд USD) дейін төмендеді.

2024 жылғы қарашаның аяғында KASE ресми тізімінде 121 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 500 шығарылымы болды. 2024 жылғы қарашада KASE ресми тізіміне 15 эмитенттің (үш жаңа) корпоративтік облигацияларының 21 шығарылымы: "Қазақстан орнықтылық қоры" АҚ және "Интергаз Орталық Азия" АҚ үш шығарылымынан, "Ломбард" GoldFinMarket" ЖШС және "Фридом Банк Қазақстан" АҚ екі шығарылымынан және "First Heartland Jusan Bank" АҚ, "AGRIQA Азия" ЖШС "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ, "Банк ЦентрКредит" АҚ, "Birginshi Lombard" ЖШС, "Ломбард Прогресс" ЖШС, "МҚҰ "Мого Kazakhstan" ЖШС, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ,

**"Береке" МҚҰ** АҚ және **"Микроқаржы ұйымы "Деньги говорят" ЖШС** бір шығарылымынан енгізілді.

2024 жылғы қарашада 11 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 14 шығарылымы KASE ресми тізімінен шығарылды.

KASE\_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні 2024 жылғы қарашада жылдық 13,46 %-ға дейін 13 базистік тармаққа төмендеді.

KASE-дегі корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі қазанға қарағанда 4,0 есеге немесе 387,5 млрд теңгеге 517,2 млрд теңгеге дейін өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 24,6 млрд теңгені (қайталама нарықта – 4,0 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 531 мәміле (қайталама нарықта – 507 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 46,4 млн теңгені (қайталама нарықта – 7,9 млн теңге) құрады.

2024 жылғы қарашада корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 433,5 млрд теңгені құрап, 2024 жылғы қазандағы көрсеткіштен 6,8 есе немесе 370,0 млрд теңгеге артты:

- "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ 14 ай өтеуге дейінгі мерзіммен жылдық 13,89 %-бен облигациялар орналастырып, 100,0 млрд теңге тартты;
- "Банк ЦентрКредит" АҚ жылдық 4,50 %-бен алты айлық облигацияларды орналастырып, 27,6 млн АҚШ долларын (13,7 млрд теңгеге балама) тартты;
- "MyCar Finance" МҚҰ" ЖШС жылдық 17,50 %-бен екі жылдық облигацияларды орналастырып, 3,0 млрд теңге тартты;
- "ТССП Групп" ЖШС бір жылға дейінгі өтеу мерзімімен жылдық 20,00 % өтеуге кірістілігі бар облигациялардың екі шығарылымын орналастырып, 615,2 млн теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі 27,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 0,7 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 16,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 51,5 %, жеке тұлғалардың үлесі – 3,7 % құрады. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,1 %-дан аз болды.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 2024 жылғы қазанмен салыстырғанда 26,3 %-ға немесе 17,4 млрд теңгеге 83,7 млрд теңгеге дейін өсті.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі 11,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 1,6 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 17,0 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 58,2 %, жеке тұлғалардың үлесі – 11,6 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 24,3 %-ды құрады.

## **МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)**

KASE-де сатылатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы қарашада 0,7 %-ға немесе 197,9 млн теңгеге ұлғайып, 30,0 трлн теңгені (52,6 млрд USD) құрады.

МБҚ-ның KASE-дегі сауда-саттығының жиынтық көлемі 212,0 млрд теңгені құрап, қазан айымен салыстырғанда 70,2 %-ға немесе 500,0 млрд теңгеге төмендеді. 2024 жылғы қарашаның қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 10,1 млрд теңгені (қайталама нарықта – 6,5 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 18 (қайталама нарықта – 17), бір мәміленің орташа көлемі – 562,4 млн теңгені (қайталама нарықта – 375,3 млн теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 87,1 %-ға немесе 516,5 млрд теңгеге 76,5 млрд теңгеге дейін төмендеді. Оның 28,6 млрд теңгесін үш облыс пен Астана қаласының әкімдіктері тартты (мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде көзделген іс-шараларды қаржыландыру мақсатында). Қаржы министрлігі жылдық 12,50-13,30 %-бен және 1,7 жылдан 14,7 жылға дейінгі мерзіммен облигациялар орналастырып, 47,9 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде бастапқы нарықта банктердің үлесіне 19,6 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 42,1 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 38,3 % тиесілі болды. Бейрезиденттер МБҚ-ның бастапқы нарығындағы сауда-саттыққа қатыспады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 13,9 %-ға немесе 16,5 млрд теңгеге ұлғайып, 135,5 млрд теңгені құрады. Қазақстан Ұлттық Банкінің ноталарымен қайталама нарықтағы сауда-саттық үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 44,4 %-ын немесе 60,2 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі – 51,7 % немесе 70,1 млрд теңгені, Қазақстан Республикасының еурооблигациялар үлесі – 3,5 % немесе 4,7 млрд теңгені құрады. 0,4 % немесе 502,0 млн теңгені құрайтын қалған көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен (АҚШ Қаржы министрлігінің, Австрия және Түркия Республикаларының облигациялары) мәмілелерге тиесілі болды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде қайталама нарықта банктердің үлесіне 39,5 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 1,4 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 25,3 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 33,3 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 0,5 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 4,4 % болып бағаланады.

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (ХҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ**

Қараша айының соңында KASE сауда-саттық тізімінде жеті халықаралық қаржы ұйымының 59 шығарылымының облигациялары: Еуразиялық даму банкінің 21 шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің 15 шығарылымы, Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Халықаралық қайта құру және даму банкінің бес шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясының төрт шығарылымы, Еуропалық инвестициялық банктің екі шығарылымы және Жеке секторды дамыту жөніндегі ислам корпорациясының бір шығарылымы болды.

2024 жылғы қарашада айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты ресми тізімнен екі халықаралық қаржы ұйымының облигацияларының бес шығарылымы: Еуразиялық даму банкінің екі шығарылымы және Еуропалық қайта құру және даму банкінің үш шығарылымы алынып тасталды.

Қарашада халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда-саттықтың барлық көлемі қайталама нарыққа түсті және өткен аймен салыстырғанда 5,5 млрд теңгеге өсіп, 5,8 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 274,4 млн теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – бір мәміле, бір мәміленің орташа көлемі – 523,8 млн теңгені құрады.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2024 жылғы қарашада брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне 34,6 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 54,4 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 11,0 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 19,7 % болып бағаланады.

## **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ**

2024 жылдың 01 желтоқсанында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компанияның басқаруындағы инвестициялық пай қорларының 17 құралы және алты ETF болды.

Есептік айда сауда-саттық көлемі 1,6 млрд теңгені құрап, 2024 жылғы қазанға қарағанда 4,3 есеге немесе 1,3 млрд теңгеге өсті. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 51,2 % жеке тұлғалардың шоттарына, 35,3 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 13,6 % – өзге де заңды тұлғаларға тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 13,9 %-ды құрады.

## **ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР**

2024 жылдың 01 желтоқсанындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, Kaspi.kz АҚ, "Қазақтелеком" АҚ, "Forte Bank" АҚ және "Эйр Астана" АҚ жай акциялары болып табылатын алты шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды.

2024 жылғы қарашада сауда-саттық көлемі 272,1 млн. теңгені құрады және 2024 жылғы қазанға қарағанда 2,6 %-ға немесе 6,9 млн. теңгеге өсті. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 69,5 % жеке тұлғалардың шоттарына, 17,3 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 0,1 % - басқа институционалдық инвесторларға, 13,1 % – өзге заңды тұлғаларға тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 0,4 %-ды құрады.

## **ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТА НАРЫҒЫ**

Ағымдағы жылдың қараша айында KASE-дегі шетел валютасы нарығындағы сауда-саттыққа 38 KASE мүшесі қатысты.

Шетелдік валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі қазан айымен салыстырғанда 18,6 %-ға 3,8 трлн теңгеге дейін төмендеді. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 182,5 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 977, бір мәміленің орташа көлемі – 186,8 млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де сатылатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтіріледі (жақшада өткен айға көрсеткіштің өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге шаққандағы орташа алынған биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағамдар, базалық бірлік үшін бағаланатын валютаның саны	Қарашаның соңындағы бағам (өлшем %)
USD/KZT	5 787,7 (-10,6 %)	75,2 % (+8,3 %)	16 756 (-1 279)	487,00-519,70	512,52 (+5,0 %)
RUB/KZT	146 076,4 (-36,0 %)	18,9 % (-5,6 %)	2 820 (-1 009)	4,5600-5,0580	4,6815 (-6,9 %)
CNY/KZT	707,1 (-21,1 %)	1,3 % (-0,04 %)	358 (-1)	67,9400-70,4600	70,1970 (+2,6 %)
EUR/KZT	226,5 (+15,5 %)	3,1 % (-0,9 %)	350 (-447)	516,00-547,42	544,72 (+2,7 %)
EUR/USD	89,0 (-76,7 %)	1,2 % (-3,0 %)	173 (-393)	1,0341-1,0911	1,0553 (-2,7 %)
USD/CNY	27,7 (-71,5 %)	0,4 % (-0,6 %)	59 (-40)	7,0935-7,2671	7,2646 (+2,0 %)

## АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі қарашада қазан айымен салыстырғанда 18,3 %-ға немесе 5,6 трлн теңгеге төмендеп, 25,0 трлн теңгені құрады.

29 қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені 15,25 % пайыздық дәлізімен жылдық +/- 1,0 п.т. дейін жоғарылату туралы шешім қабылдады. Тиісінше, өтімділікті беру бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша мөлшерлеме 16,25 %, ал өтімділікті алу бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша – 14,25 % құрады.

Бір жұмыс күніне ашық USD/KZT валюталық своп операциялары және МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша мәмілелер көлемі арқылы орташа сараланған кірістілік мәнін білдіретін MM\_Index ақша нарығының композиттік индикаторы 14,70 %-ға дейін өсті.

## РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Қараша айында репо операцияларының жиынтық көлемі 19,0 трлн теңгені құрады, бұл қазан айындағы көлемнен 4,7 трлн теңгеге немесе 19,7 %-ға аз. Орташа күндік көрсеткіште операциялардың көлемі 906,1 млрд теңгені құрады, күнделікті жасалған мәмілелердің орташа күндік саны – 692, мәмілелердің орташа көлемі – 1,3 млрд теңге.

МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 14,7 трлн теңге немесе 77,0 %-ды, МеБҚ-мен авторепо – 4,3 трлн теңге немесе 22,4 %-ды, МБҚ тікелей репосы – 656,6 млн теңге немесе 0,1 %-дан азды, МеБҚ тікелей репосы – 12,6 млрд теңге немесе 0,1 %, КҚС-мен авторепо – 97,8 млрд теңге немесе 0,5 %.



Қарашаның соңына қарай TONIA индикаторы (Биржада МБҚ себетінің бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында жасалған бір жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 13,67 %-дан 14,96 %-ға дейін 129 б.т. өсті.

TRION индикаторы (Биржа Орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ себетінің бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында бір күн ішінде Биржада жасалған бір жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 13,68 %-дан 14,94 %-ға дейін 126 б.т. өсті.

TWINA индикаторы (Биржада Орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ себетінің бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында жасалған жеті жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) 13,72 %-дан 15,07 %-ға дейін 135 б.т. өсті жылдық.

## ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі қарашада 6,0 трлн теңгені құрады, бұл қазан айындағы көлемнен 917,3 млрд теңгеге немесе 13,3 %-ға төмен. Операциялардың орташа күн сайынғы көлемі 284,0 млрд теңгені, күн сайынғы жасалған мәмілелердің орташа саны – 70, мәмілелердің орташа көлемі – 4,1 млрд теңгені құрады.

Құралдық құрылымда 5 893,4 млрд теңге немесе 98,8 %, своп сауда-саттық көлемі USDKZT своптарына тиесілі болды, 17,5 млрд теңге немесе 0,3 % – RUBKZT, 50,6 млрд теңге немесе 0,8 % – EURUSD, 1,2 млрд теңге немесе 0,1 %-дан кем емес – EURKZT, 1,9 млрд теңге немесе 0,1 %-дан кем – CNYKZT.

Валюталық жұп	Құрал	Көлемі, млрд теңге	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	1 664,7	3 365,2	27,9
	USDKZT_0_002	3 708,9	7 496,4	62,2
	USDKZT_1_001	514,7	1 040,0	8,6
	USDKZT_0_01W	5,1	10,3	0,1
EUR/KZT	EURKZT_1_001	1,2	2,2	<0,1
CNY/KZT	CNYKZT_1_001	1,9	28,0	<0,1
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	2,5	493,0	<0,1
	RUBKZT_0_002	7,3	1 500,0	0,1
	RUBKZT_1_001	7,7	1 550,2	0,1
EUR/USD	EURUSD_1_001	50,6	96,0	0,8

SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі қарашаның аяғында бір айда 352 б.т. ұлғайып, жылдық 12,95 %-ға жетті. SWAP-2D (USD) екі күндік валюталық своптың кірістілігі қарашада 349 б.т. ұлғайып, жылдық 11,98 %-ға дейін өсті.

## ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында саудаға АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамына, ресей рублінің теңгеге шаққандағы бағамына, KASE Индексіне, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ мен "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына жеткізілімсіз фьючерстер қолжетімді.

KASE Индексінің фьючерстері бойынша KASE-дегі маркет-мейкердің міндеттерін "NGDEM Finance" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ-ның жай акцияларына фьючерстер бойынша – "Halyk Finance" АҚ атқарады.

Қараша айында деривативтер нарығында мәмілелер жүргізілген жоқ. 01 желтоқсанда деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициялары болған жоқ.

## Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығы – репо және своп операциялары, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.